


АҒЫЛШЫН КЕЛІСІМШАРТ ҚҰҚЫҒЫ

Үшінші тараптар, тең тараптар,
цессия және кепілдіктер





Үшінші тараптардың заңға сай құқықтары

Келісімшарттар (үшінші тараптардың құқықтары) туралы 1999 жылғы заңға (The Contracts (Rights of Third Parties) Act 1999) сай, үшінші тарап мәтінде айқын көрсетілген немесе тұспалданған (айқын көрсетілмеген) ережені басшылыққа алып, келісімшарт бойынша арыз беруге (немесе бірыңғай жағдайлар туралы ескертпеге сәйкес артықшылықтарға ие болуға) құқылы. Осы заң қолданылатын жағдайларда жалпы құқықтағы келісімшарттық қарым-қатынастар доктринасының, келісімшартқа қатынастылық доктринасы, privity doctrine күші жойылады.

Осы тақырыптың қысқаша мазмұны. «Үшінші тарап» – А тарабы мен В тарабы жасасқан келісімшартқа қатыспайтын жеке тұлға (Т).

Келісімшарттар (үшінші тараптардың құқықтары) туралы 1999 жылғы заңға сай (Англия, Уэльс және Солтүстік Ирландия аумағында қолданылады), үшінші тарап өзі қатыспайтын келісімшарт бойынша арыз беруге немесе келісімшартқа сәйкес басқа да артықшылықтарға ие болуға құқылы.

1999 жылғы заң кредитордың борышкерге қатысты қолдана алатын құқықтары мен құқықтық қорғау құралдарына нұқсан келтірмейді.

1999 жылғы заңда жалпы құқықтың келісімшарттық қарым-қатынас доктринасы (privity of contract) қолданылмайтын бірқатар жағдайлар айқындалған. Жалпы құқықтың аталған доктринасына сай, үшінші тарапқа көрсетілген құқықтар немесе келісімшарттық артықшылықтар берілмейді. Айта кетерлігі, осы заң жалпы құқық қағидаларын толық жоққа шығармайды, дегенмен ол жалпы құқық нормаларын қолдануға айтарлықтай дәрежеде шек қояды.

Бұрын әділдік құқығындағы «міндеттемеге сай сенімгерлік меншік» (trust of a promise) құралын қолданып, жалпы құқықтың аталған доктринасын айналып өтуге болатын.

Қазір әділдік құқығы аталған жалпы құқық доктринасына қарсы қоюға болатын тиімді құралға жатпайды.

Бұған қоса, бұл тарауда бірлескен міндеттемелер (joint promises) (А тарабының В1 және В2 тараптары алдында бірдей міндеттеме алуы) немесе А1 және А2 тараптарының В тарабына қандай да бір артықшылық (игілік) беруге міндеттенуі (уәде етуі) қарастырылады.

Сонымен қатар Х тарабының Y тарабына қатысты (және оның пайдасына алған) міндеттемесін Y тарабы Z тарабына табыстай алады. Мұндай жағдайда Y тарабы цедент/табыстаушы (assignor), ал Z тарабы цессионарий (assignee) болады. Цессионарий Х тарабына (борышкерге) тікелей талап, мысалы, берешекті өтеу талабын (claim in debt) қоя алады.

Келісімшарттар (үшінші тараптардың құқықтары) туралы 1999 жылғы заңды қолдану (мұндағы А тарабы – борышкер, В тарабы – кредитор, ал Т тарабы – үшінші тарап). Келісімшарттар (үшінші тараптардың құқықтары) туралы 1999 жылғы заңның 1(3)-бөлімінде үшінші тарапты (Т) анықтаудың үш жолы көрсетілген: (а) Т тарабының «аты келісімшартта айқын белгіленген»; немесе ол (б) «қандай да бір топ мүшесі»; немесе (с) «белгілі бір сипаттамаға сәйкес», мысалы, «В тарабының жұмысшылары» не «В тарабының қосалқы мердігерлері мен агенттері».

Осы аталған (а) және (б) жолдарын Апелляциялық сот Авраамидестің Колдуиллге қарсы ісіне (2006) қатысты қарастырған. Сот үшінші тарап бенефициарларын түсініксіз не айқын емес анықтамалар көмегімен айқындап бере алмайды деп шешті.

Аталған заңның 1(1) және 1(2)-бөліктерінде былай делінген:

Осы заң ережелері сақталған жағдайда, келісімшарт қатысушысы болып табылмайтын жеке тұлға («үшінші тарап»): (а) келісімшартта солай істеуге болатыны айқын көрсетілгенде немесе (б) (2)-бөлікке сай, аталған талапта оның артықшылыққа ие болуы қарастырылғанда келісімшарт талабын мәжбүрлі түрде орындатуға құқылы.

Келісімшарттар (үшінші тараптардың құқықтары) туралы 1999 жылғы заңның 1(1)(b) және 1(2)-бөліктерінде екі кезеңнен тұратын тексеру тәсілі айқындалған: (а) А және В тараптары жасасқан келісімшартта Т тарабына «артықшылық беру көзделсе», онда осындай міндеттемеге немесе ескертпеге сай, Т тарабына А тарабына қарсы талап қою құқығы да беріледі (немесе, бірыңғай жағдайлар туралы ескертпеде қорғау шаралары қарастырылған болса, Т тарабы сол бірыңғай жағдайлар туралы ескертпені өз пайдасына асыра алады); (б) алайда «келісімшартқа дұрыс түсіндірме берген кезде, келісуші тараптардың үшінші тарапқа тиісті талапты орындату құқығын беруге ниетті болмағаны анық болуы тиіс». Екі кезеңнен тұратын осы тексеру тәсілін судья Колман Nisshin Shipping Co Ltd компаниясының Cleaves & Co Ltd компаниясына қарсы ісін (2004) қараған кезде қолданды.



Келісімшартты өзгерту немесе бұзу (тоқтату). Келісімшарттар (үшінші тараптардың құқықтары) туралы 1999 жылғы заңның 2(1)-бөліміне сай, жалпы алғанда, А және В тараптары Т тарабының келісімсіз келісімшартқа өзгертулер енгізуге немесе оны бұзуға өкілетті. Алайда келісуші тараптардың үшінші тарап құқықтарын өзгертуіне немесе жоққа шығаруына тыйым салынатын екі жағдай бар. Т тарабы өзіне қатысты осындай тиімсіз шара қолдануға мынадай жағдайда шек қоя алады: (а) Т тарабы А тарабына өзінің «тиісті талапқа келіскенін» хабарлағанда; (b) Т тарабы А тарабының уәдесіне (міндеттемесіне) сүйенгенде; Т тарабының оған сүйенгені А тарабы ол туралы білгенде немесе қисынға сай алдын ала болжай алғанда жарамды болады.

Үшінші тарап құқықтарын қорғайтын бірыңғай жағдайлар туралы ескертпелер

Келісімшарттар (үшінші тараптардың құқықтары) туралы 1999 жылғы заңға сай, үшінші тарап бірыңғай жағдайлар туралы ескертпені өзіне қатысты қолдану артықшылығына ие.

Мысалы, А тарабы В тарабы алдында «А тарабы залалға не шығынға ұшыраған жағдайда, А тарабы құқық бұзған Т тарабына қарсы 10 000 фунт-стерлингтен аспайтын талап қояды» деген міндеттеме алуы мүмкін. Қолданыстағы жалпы құқық қағидасына сай, келісімшарт жасасқан үшінші тарапқа бірыңғай жағдайлар туралы ескертпені өзіне қатысты қолдану артықшылығы берілмейді. Мысалы, Scruttons компаниясының Midland Silicones компаниясына қарсы ісін (1962) қараған Лордтар Палатасының шешіміне сай, келісімшарттық қарым-қатынастар доктринасы келісімшартқа қатысы жоқ Т тарабының сол келісімшарт бойынша қандай да бір құқықтарды, тіпті бірыңғай жағдайлар немесе жауапкершілікті шектеу туралы ескертпелерде (ережелерде) қарастырылған «пассивті» қорғану құқықтарын пайдалануына жол бермейді. Осында көрсетілген заң ережесі – аталған ұстанымды айналып өту процедурасының жеңілдетілген сипаттамасы.

Мысалы, А тарабы мен В тарабының Т тарабына артықшылық беруге айқын келіскеніне қарамастан, үшінші тарап (Т тарабы) бірыңғай жағдайлар туралы ескертпені өзіне қатысты пайдалану артықшылығына ие бола алмаған.

Жалпы құқықтағы келісімшарттық қарым-қатынастар доктринасы

Жалпы құқық ережелеріне сай, келісуші тараптарда жасалған келісімшарт үшінші тарапқа да пайда тигізеді деген ниеттің болғанына қарамастан, *үшінші тарап келісімшартты мәжбүрлі түрде орындата алмайды немесе келісімшартқа сай артықшылықтарға ие бола алмайды* (Келісімшарттар (үшінші тараптардың құқықтары) туралы 1999 жылғы заң ережелеріне бағынбайтын жайттар көрсетілген; кредитордың талап қою құқығы қарастырылған).

Соттың Твиддлдың Аткинсонға қарсы ісі (1861) бойынша шығарған шешіміне сай, борышкер (А тарабы) міндеттемесін бұзған жағдайда, үшінші тарап сотқа шағымдана алмайды, өйткені үшінші тарап (ол келісуші қарсы тарап – кредитор, яғни В тарабы емес) аталған міндеттемеге қатысты ыңғайласпа қанағаттандыру жасамаған, яғни үшінші тарап сотқа шағымдану құқығын алмаған.

Сондықтан жалпы құқық ережелеріне сай, егер (мысалы) *А тарабы В тарабы алдында «А тарабы Т тарабына 1000 фунт-стерлинг төлейді» деген міндеттеме алса, Т тарабы А тарабына тікелей сотқа шағымдана алмайды. Артықшылықтарды беру үшін алдымен негізгі келісімшарт жасалуға тиіс.*

Үшінші тараптарға пайдасы тиетін міндеттемеге сай сенімгерлік меншік

Кредитор үшінші тарапқа ақша төлеу немесе мүлікті сеніп тапсыру міндеттемесін алып, үшінші тарапқа осы міндеттемеге сай артықшылық беруі мүмкін. Мұндай сенімгерлік меншік негізінде үшінші тараптың пайдасын көздейтін ажырамас құқық туындайды, сондықтан келісуші тараптар келісімшарт мәтінінде аталған сенімгерлік меншіктің болатынын айқын көрсетуге тиіс.

Міндеттемеге сай сенімгерлік меншік қазір сирек кездеседі, өйткені оның болуын мүдделі тараптар шарт мәтінінде айқын көрсетуге тиіс. Арнайы юрисдикция соты енді жалпы құқықтағы келісімшарттық қарым-қатынастар шектеуін айналып өту үшін «тұспалданған» міндеттемеге сай сенімгерлік меншік бар деген ұйғарым шығармайды.

Мысалы, Schebman ісінен (1944) кейін міндеттемеге сай сенімгерлік меншік құруға қатысты екі талап қойылған: біріншіден, келісуші тараптар сенімгерлік меншіктің болатынын келісімшарт мәтінінде айқын



көрсетуге тиіс (мысалы, мәтінде «бұл міндеттеме Т тарабының пайдасына сенімгерлік меншік құқығына сай иелік етуге қатысты» немесе «В тарабы А тарабының Т тарабы пайдасына алған міндеттемесін орындайды» деп жазылуы мүмкін); екіншіден, сенімгерлік меншік құру ұғымын айтарлықтай айқындай түспейтіндігіне қарамастан, А және В тараптары Т тарабы А тарабына қатысты ажырамас құқықтарға ие болады деген айқын ниет білдіруі керек.

Тең кредиторлар

Екі не одан көп тұлға алдында (тең кредиторлар, ағыл. co-promisees) ресми шарт жасасу жолымен немесе олардың әрқайсысы (не біреуі ғана өз атынан және қалғандарының атынан) ыңғайласпа қанағаттандыру жасағаны үшін бірдей міндеттеме алған жағдайда, тең кредиторлар бірігіп сотқа шағымдануы керек. Тең кредиторлардың біреуі қайтыс болса, оның келісімшартқа сай құқықтары көзі тірі тең кредиторға (кредиторларға) өтеді.

А тарабының міндеттемесіне қатысты ыңғайласпа қанағаттандыруды В1 және В2 тараптары бірігіп жасай алады немесе де-факто «В1 және В2 тараптарының атынан» бір ғана тарап жасай алады. Аталған соңғы тұжырымды Австралия соты өзінің нормативтік шешімге жатпайтын пайымында құптаған. Ол пайым (dicta) Коуллстың Bagot's Executor & Trustee Co. Ltd компаниясына қарсы ісіне (1967) қатысты болған.

Тең борышкерлер және жауапкершілік үлесі

(i) Екі не одан көп тарап (тең борышкерлер, ағыл. co-promisors) бір келісімшарт бойынша үшінші тарап алдында бірлесіп жауапкершілік (мысалы, берешек бойынша) алуы мүмкін. Мына төмендегі үш жағдайды ажыратып қарастыру керек:

(a) дербес жауапкершілік (several liability): тең борышкерлер әрқайсысы жеке-жеке Х фунт-стерлинг төлеуге келіседі; мұндай жағдайда тең борышкерлерге қарсы тиісті берешектері бойынша жеке-жеке сотқа шағымдануға болады;

(b) ортақ жауапкершілік (joint liability): тең борышкерлер бірлесіп, Х фунт-стерлинг төлеуге міндеттеме алуы мүмкін; тең борышкерлердің біреуі қайтыс болса, оның жауапкершілігі көзі тірі тең борышкерге өтеді;

(c) ортақ және дербес жауапкершілік: тең борышкерлер Х фунт-стерлинг төлеу туралы ортақ және дербес жауапкершілік алады; тең борышкерлердің біреуі қайтыс болса, оның дербес жауапкершілігі көзі тірі тең борышкерге өтпейді, мүлкі есебінен өтеледі.

(ii) Жауапкершілік үлесін/берешекті өтеу (contribution). Бұған қатысты екі жүйе қалыптасқан.

(a) Заңда қарастырылмаған: ортақ берешекті төлеу («жалпы құқық қағидаларына сай берешекті өтеу»). Тең борышкерлер (co-debtors) қандай да бір тарап алдында ортақ борышкерлер немесе ортақ және дербес борышкерлер ретінде жауапкершілік алған жағдайда, тең борышкерлердің біреуі (төлеуші) кредиторға толық төлем жасаса немесе кредиторға өз үлесінен көп мөлшерде төлесе, бұл төлеуші басқа борышкер (борышкерлер) есебінен өзіне берешекті өтеуді талап етуге құқылы.

(b) Азаматтық жауапкершілік (жауапкершілік үлесі) туралы 1978 жылғы заң. (ii)(a) тармақта көрсетілген тең борышкерлердің берешекті өтеу жүйесіне жатпайтын жағдайларда, сондай-ақ тең борышкердің екеуі де келтірілген бір «залал» бойынша басқа тарап алдында жауапты болғанда (бірдей заңды негіз болмаса да), арнайы юрисдикция соты заңға сай әр тараптан басқа тарап алдындағы берешегін өтеуді (арифметикалық әдісті басшылыққа алмаса да болады) талап етуге өкілетті. Осы құқықтық режимге сай бағалау тиісті ұйғарымға сай жүргізіледі.

Цессия (құқықтарды табыстау) мәні

Цессияның мәні. А тарабының В тарабы алдында берешегі немесе В тарабының одан басқа берешекті (борышты) өндіріп алу құқығы (chose in action) болса, онда құқық иесі (В тарабы) осы құқыққа сай артықшылықтарды С тарабына табыстай алады. Осылайша С тарабы В тарабының талап арызына қосылмай-ақ А тарабына тікелей сотқа шағымдана алады. Берешекті өндіріп алу құқығын табыстау туралы мұндай ереже заңда да, әділдік құқығында да қарастырылған. Алайда әділдік құқығына сай берешекті өндіріп алу құқығын табыстау кезінде, цессионарий цеденттің талап арызына қосылуы тиіс.



Кейбір жағдайларда мұндай бірлескен талап арыз беру қажет болмауы да мүмкін.

А/В тараптарының жеке қарым-қатынасына қатысты кейбір құқықтарды табыстауға болмайды. Құқықтарды табыстауды болдырмау үшін, А тарабы өзінің В тарабымен жасасқан келісімшартына тыйым салушы ескертпе енгізе алады.

Заңға сай цессия жасалатын жағдайда, В тарабының С тарабына цессиясы жазбаша түрде жасалуға тиіс, бұған қоса В немесе С тарабы А тарабына құқықтардың табысталғаны туралы хабарлама жіберуі керек. Әділдік құқығына сай цессия жасалған жағдайларда да осындай хабарлама жеткізген жөн.

(а) Келісімшартқа сай белгілі бір құқық иесі (кредитор/цедент) сол құқықты үшінші тарапқа (цессионарий) борышкердің келісімінсіз табыстай алады. Дегенмен, кез-келген тарап цессионарий ретінде өзіне табысталған құқықтан артық құқық иелене алмайды.

Мұндай цессия бойынша:

(b) борышкер, хабарлама алған бойда, цессионарийге төлем жасауға міндетті;

(c) жарамды цессияға сай цессионарийге толық төлем жасаған борышкер өзінің цедент алдындағы жауапкершілігінен босатылады;

(d) керісінше, цессия жасалғаннан кейін, борышкер цедентке төлем жасаса, онда бұл төлем борышкерді цессионарий алдындағы жаңа міндеттерінен босатуға негіз бола алмайды.

Цессионарий құқықтарына цедент құқықтарына ықпалы бар түрлі шектеулер қойылады.

Цессияның басқа доктриналардан айырмашылығы. Цессияны мына төмендегілерден ажыратып қарастыру керек.

(а) Новация (novation). А тарабы мен В тарабы арасындағы бұрынғы келісімшарт тоқтатылып, оның орнына А тарабы мен С тарабы жаңа келісімшарт жасасқанда (В тарабы енді келісуші тараптар қатарынан түсіп қалады), яғни бұрынғы келісімшарт жаңартылған (новацияланған) жағдайда, А тарабының В тарабы алдындағы міндеті С тарабына табысталмайды: А/В тараптары жасасқан келісімшарттың күші жойылып, оның орнына А және С тараптары жаңа келісімшарт жасасады.

(b) Айналым құжаттары (negotiable instruments). Бұларды қарсы тарапқа жеткізу немесе жеткізу және бекіту арқылы табыстайды. Жаңа құқық иесі борышкерге қатысты тікелей құқыққа ие болады. Оның борышкерге хабарлама жіберуі қажет емес. Жаңа тарап иеленген құқық табыстаушы тарап құқығынан басым болуы мүмкін.

(c) Қайтарып алынатын мандат (revocable mandate). В тарабы А тарабына С тарабына төлем жасауға өкілеттік бере алады. А тарабының С тарабына төлем жасауы А тарабын В тарабы алдындағы міндетінен, сәйкесінше (pro tanto), босатады. Әдетте С тарабы А және В тарабынан алған ақшаны сақтап қала алады. Мұндай өкілеттікті В тарабы қайтарып ала алады. С тарабының тікелей А тарабына қарсы талап арыз беру құқығы жоқ.

Міндеттемелерді табыстамау: келісімшартты сенім тапсырылған тараптың орындауынан (субститутивті орындау, ағыл. vicarious performance) айырмашылығы. **Борышкер өзіне алған міндеттемелерді орындау ауыртпалығын басқа біреуге табыстай алмайды.** Құқықтарды ғана табыстауға болады, міндеттемелер табысталмайды. Яғни қандай да бір тарап кредитордың (кредитор – келісімшартты орындауды талап етуге құқылы тарап) келісімінсіз келісімшартқа сай жүктелген ауыртпалықты бір борышкерден жаңа тарапқа табыстай алмайды. Себебі «келісімшарт еркіндігі» қағидасына сәйкес, кредитор «борышкердің кім болатынын» таңдауға құқылы, яғни А тарабы келісімшарт бойынша міндеттемелер алатын және оның алдында жауапты болатын тарапты өзі анықтай алады.

Ресми талаптар

Меншік құқығы туралы 1925 жылғы заңның (Law of Property Act 1925) 136-бөліміне сай цедент пен цессионарий арасында жасалатын цессиялар жазбаша түрде рәсімделуге тиіс, бұған қоса борышкер өзіне құқықтардың табысталғаны туралы хабарлама алуы керек. Әділдік құқығына сай цессия жасалған жағдайларда да осындай хабарлама жеткізген жөн.

Заңға сай цессия. Меншік құқығы туралы 1925 жылғы заңның 136(1)-бөлімінде былай делінген:

(1) Цеденттің өзі қандай да бір берешекті өтеуді талап ету немесе заңға сай басқа да талап қою құқығын жазбаша түрде (кепіл ретінде ғана емес) табыстап, ол туралы борышкерге, сенімгерге (сенімгер меншік иесіне) немесе цедент аталған берешекті өтеуді талап ете алатын не заңға сай басқа да талап қою алатын



өзге тұлғаға айқын жазбаша хабарлама берген кез-келген абсолютті цессиясы аталған хабарлама жіберілген күннен бастап заңды күшіне енеді (цессионарий құқығына қарағанда әділдік құқықтары басымдыққа ие болады), яғни:

- (a) берешекті өтеуді талап ету немесе заңға сай басқа да талап қою құқығы;
- (b) осы аталғандар бойынша заңға сай және басқа да құқықтық қорғау құралдарын қолдануды талап ету құқығы; және
- (c) осы аталғандар бойынша цеденттің келісімінсіз міндеттемелерді тиісті түрде орындауды қамтамасыз ету өкілеттігі табысталады:

Ол үшін борышкердің, сенімгердің немесе осындай берешек не заңға сай басқа да талап бойынша жауапты өзге тұлғаның:

(a) аталған цессияның цедент немесе оның атынан талап қойған кез-келген тұлға тарапынан дауланып жатқаны туралы; немесе

(b) аталған берешекті өтеуді талап ету немесе заңға сай басқа да талап қою құқығына қатысты басқа қарсы талап арыздардың бар-жоғы туралы хабарлама алуы шарт; ол, лайықты деп тапса, аталған талап қойған тұлғаларды сол бір берешек бойынша сот процесіне қатысуға шақыра алады немесе Сенімгер меншік иелері туралы 1925 жылғы заңға сай (Trustee Act, 1925) сот алдында аталған берешекті не заңға сай басқа да талапты өтей алады.

Әділдік құқығына сай цессия. Қандай да бір себеппен заңға сай тәртіппен цессия жасау мүмкін болмаса, әділдік құқығына сай цессия жасауға болады. Меншік құқығы туралы 1925 жылғы заң бойынша, әділдік құқығына сай қандай да бір құқықты табыстауды жазбаша түрде іске асыру керек. Әділдік құқығына сай цессияны ауызша да жасауға болады (цессионарийге құқықтардың табысталғанын хабарлау қажет). Әділдік құқығына сай цессия өтеусіз болуы мүмкін. Әділдік құқығы нормаларына сай (жазбаша) ресми түрде табысталатын қандай да бір құқыққа «ыңғайласпа қанағаттандыру» жасау қажет емес. Қандай да бір берешекті заңды түрде өндіріп алу құқығын әділдік құқығына сай өтеусіз табыстауға келсек, ыңғайласпа қанағаттандырудың болмағанына және цессия жасаудың заңда қарастырылған режиміне қайшы келетініне қарамастан, әділдік құқығына сай ресми түрде жасалған цессияны жарамды деп тануға болады.

Қайта табыстауға болмайтын құқықтар

- (i) Келісімшартта цессия жасауға тыйым салатын ескертпе болуы мүмкін.
- (ii) Кейбір құқықтарды, мысалы, жеке қарым-қатынастар жөніндегі келісімшарттарға байланысты құқықтарды қайта табыстауға болмайды. Сондай-ақ цессия жасауға заң немесе жария тәртіп талаптарына сай бірқатар шектеулер қойылады.

Кепілдіктер (кепілгерлік шарттары)

Кепілдік туралы келісімшарттардың күшін жою; кепілдіктерге немесе басқа да жазбаша құжаттарға біржақты өзгерту енгізуге тыйым салатын ереже.

(i) Кепілдік туралы келісімшарт (кепілгерлік шарты) бойынша, кепілгер тарап кредиторға ақшалай берешегі бар негізгі борышкердің сол кредитор алдындағы жауапкершілігін орындауына кепілдік береді. Борышкер кредиторға берешегін толық қайтармаған жағдайда, кредитор кепілгерден тиісті қаражат (борышкер өтемеген берешекке сай көлемде) төлеуін талап етуге құқылы. Кепілгер борышкердің кредиторға төлем жасауын (не толық төлем жасауын) қамтамасыз етпегені үшін болған залалды өтеуге жауапты. Тиісті төлем жасап, борышкерді жауапкершілігінен босатқан кепілгер сол борышкерден өзі жұмсаған қаражаттың орнын толтыру үшін компенсация талап етуге құқылы.

(ii) Кепілгер төлеуге тиіс қаражат көлемі борышкер мен кредитор арасындағы өтелмеген берешек көлемінен артық бола алмайды.

(iii) Кепілдік жазбаша жасалып, кепілгер оған қол қоюға тиіс.

Қолданылған әдебиеттер

1. M Furmston and G Tolhurst, Privity of Contract (Oxford, 2015), chapter 8
2. M Furmston and G Tolhurst, Privity of Contract (Oxford, 2015), chapter 6
3. M Furmston and G Tolhurst, Privity of Contract (Oxford, 2015), chapter 5



4. M Furmston and G Tolhurst, *Privity of Contract* (Oxford, 2015), chapters 2 and 3
5. M Furmston and G Tolhurst, *Privity of Contract* (Oxford, 2015), 3.33 ff
6. M Furmston and G Tolhurst, *Privity of Contract* (Oxford, 2015), 2.34 ff
7. C Mitchell, *The Law of Contribution and Reimbursement* (Oxford, 2003)
8. Proposition (i): M Furmston and G Tolhurst, *Privity of Contract* (Oxford, 2015), 3.51 ff; AG Guest and YK Liew, *Guest on the Law of Assignment* (2nd edn, London, 2015), chapter 1; JD Heydon, MJ Leeming, PG Turner (eds), *Meagher, Gummow and Lehane's Equity: Doctrines and Remedies* (5th edn, Sydney, 2014), Part 3; M Smith and N Leslie, *The Law of Assignment* (2nd edn, Oxford, 2013), chapters 10 to 16; G Tolhurst, *The Assignment of Contractual Rights* (Oxford, 2006), chapter 3 to 5
9. Proposition (ii): AG Guest and YK Liew, *Guest on the Law of Assignment* (2nd edn, London, 2015), chapters 6 and 7; M Smith and N Leslie, *The Law of Assignment* (2nd edn, Oxford, 2013), 26.29 ff and chapter 27
10. AG Guest and YK Liew, *Guest on the Law of Assignment* (2nd edn, London, 2015), chapters 2 and 3; M Smith and N Leslie, *The Law of Assignment* (2nd edn, Oxford, 2013), chapter 16; G Tolhurst, *The Assignment of Contractual Rights* (Oxford, 2006), chapters 4, 5 and 7
11. Proposition (i): AG Guest and YK Liew, *Guest on the Law of Assignment* (2nd edn, London, 2015), 4-01 ff; M Smith and N Leslie, *The Law of Assignment* (2nd edn, Oxford, 2013), chapter 25; G Tolhurst, *The Assignment of Contractual Rights* (Oxford, 2006), 246 ff
12. Proposition (ii): AG Guest and YK Liew, *Guest on the Law of Assignment* (2nd edn, London, 2015), 4-19 ff; M Smith and N Leslie, *The Law of Assignment* (2nd edn, Oxford, 2013), chapters 23 and 24; G Tolhurst, *The Assignment of Contractual Rights* (Oxford, 2006), 187 ff
13. G Andrews and R Millett, *Law of Guarantees* (6th edn, London, 2011); JC Phillips, *The Modern Contract of Guarantee* (2nd edn, English edn, London, 2010)
14. Proposition (iii): G Andrews and R Millett, *Law of Guarantees* (6th edn, London, 2011), chapter 3; JC Phillips, *The Modern Contract of Guarantee* (2nd edn, English edn, London, 2010), chapter 3